ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 15 мамыр №2301-26-00-2/1196 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Атырау обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Арман Русланович Темиргалиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Атырау обаға қарсы күрес станциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Арман Русланович Темиргалиевті» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Арман Русланович Темиргалиев» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Арман Русланович Темиргалиевтен» мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 15.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 22.06.2026, судья Саудабаев А. Б., 10.07.2026
2301-26-3-1/1371

шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 15.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 22.06.2026, судья Саудабаев А. Б., 10.07.2026

2301-26-3-1/1371